

ҮШІНШІ САБАҚ

Лексикалық тақырып: *Қазақстандағы тарихи орындар*

Грамматикалық тақырып: *Зат есім жалғаулары*



Берілген мәтінді оқып шығып, төменде берілген тапсырмаларды орындаңыз

Қазақстанда тарихи орындар өте көп, соның бірі - Ерке Ертіс жағасындағы ежелгі Семей – ұлттың рухани ордасы, тарихи, шежіре қала. Мұнда тарихи көрнекті ғимараттар, ескерткіштер өте көп. Олардың әрқайсысының қала тарихы туралы айтар сыры да берер мағлұматы мол. 2013 жылы құрылғанына 130 жыл толатын және кезінде ұлы Абай кітап алып оқыған Абай атындағы әмбебап кітапхананың белсенді өмірі еліміздегі ең байырғы мәдени ошақтарымен тізе қосып, облысымыздың ғасырлар бойы қараңғылық түнегінде қамалып келген қалың еңбекші қауымның сауатын ашуға, ғылым негіздерін үйренуге өзіндік үлес қосқан тарихи кітапхана.

1940 жылы құрылған Абайдың әдеби-мемориалдық қорық мұражайы Абай өмірінен сыр шертетін жергілікті жұртшылық пен қаладан тысқары келетін қонақтардың сүйікті орнына айналды.

Абай атындағы сазды драма театры қара шаңырақтың бірі саналады. Соның бір айғағындай, мұнда әр жылдары халқымыздың көрнекті қайраткерлері Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Ғалиакпар Төребаев, Шәкен Айманов еңбек етті. Шоқан Уәлиханов жазбаларында бірнеше мәрте кезігетін Тыныбай есіміндегі мешіт те көненің көзі. Сонымен қатар орыс жазушысы Ф.Достоевский тұрған мұражай үйінің, тарихи өлкетану мұражайының кейінгі ұрпаққа берері мол тарихи деректерге толы.

Семей – тарихи тұлғалардың ескерткіштеріне де бай. Қабанбай, Әміре, Абай, Әуезов, ауғандықтарға, революция мен азамат соғысының батырларына арналған ескерткіш т.б. ескерткіштер кейінгі ұрпақтың тағзым етіп, еске алуы үшін тәрбиелік мәні зор орындар.

Бүгінгі таңда Семей осындай әсем де тарихи көрнекті ғимараттарымен туризм қаласы болып отыр.



Лексика-грамматикалық тапсырмалар

1. Берілген зат есімдерге көптік жалғауын жалғап жазыңыз.

Есім... , халық... , мақсат ... , болжам ... , дәстүр ... , туыс ... , жан-жануар ... , марапат ... , ғылым..., сұрақ ..., қиял ... , бата... , ұстаз

2. Мәтін мазмұнына сәйкес төмендегі сөздерді өзара байланыстырыңыз.

Семей қаласы	– ұлттың рухани ордасы, тарихи, шежіре қала.
Семей	– тарихи тұлғалардың ескерткіштеріне де бай.
Бұл қалада	Абай өмірінен сыр шертетін жергілікті жұртшылық пен қаладан тысқары келетін қонақтардың сүйікті орнына айналды.
Абайдың әдеби-мемориалдық қорық мұражайы	халқымыздың көрнекті қайраткерлері Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Ғалиакпар Төребаев, Шәкен Айманов еңбек

3. Мына сөздерді септеңіз.

Астана, Семей, мұражай, қала, еңбек, ескерткіш.

4. Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.

- мәтінді оқып, стилін анықтаңыз
- мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз
- мәтінде айтылған тәртіптерді жадыңызда ұстаңыз
- мәтіннен жалқы және жалпы есімді теріп жазыңыз

Шығыс Қазақстан Шығыс Қазақстан облысында орналасқан. Бұл аймақ Қытай, Монғолия және Ресей шекараларының қиылысында орналасқан. Аймақ территориясының көп бөлігін Рудалық және Оңтүстік Алтай, Қалба және Саур Тарбағатай тауларының тізбегі алады.

Таулар шыңының биіктігі 800-ден 1500 м жетеді, ал Алтайдың шығыс бөлігіндегі шыңдар 3000-4000 м (Белуга шыңы).

Негізгі өзендер қатарын Ертіс және оның салалары: Үлбі, Үбі және Бұқтырма құрайды.

Ең үлкен көлдері: Марқакөл, Зайсан, Рамановское, Сасықкөл, Алакөл және Маралды.

Ауа райы өте континенталды, күндізгі уақыты ұзақ, жылдық температура ауыспалы.

Шығыс Қазақстан түрлі табиғи климаттық аймақтармен сипатталады.

Шығыс Қазақстан табиғаты таңқаларлық: Азияның жазығы мен жартылай шөлейттері Сібірдің таулы ормандарымен қиылысуының нәтижесінде бірегей ландшафт түрлерін, яғни шөлді, жазықтарды, ормандарды және тауларындағы тұрақты мұздықтар мен өзендерді, көлдерді көруге болады.

Белуга шыңы ақ қармен жамылған солтүстік шығыстағы Сібір және Алтайдың ең биік нүктесі. Бұл қардың, мұздың, ақырған қар көшкіндерінің, жарқыраған сарқырамаларының отаны. Ол Солтүстік Алтайдағы биіктігі 3,373м атақты екінші шың Бүркітауыл шыңымен көршілес орналасқан.

Шығыс Қазақстанда Қазақстанның тамаша жерлерінің қатарына жататын Марқакөл Ұлттық Қорығы бар. Марқакөл көлін осы аймақтың інжу-маржаны деп атауға болады. Сарқырамада орналасқан ол оңтүстігінде Күшім тауымен, солтүстігінде Азутау тауымен шектеледі. Көлдің ұзындығы 38км, ені 19 км және тереңдігі 27м. Оған 27 өзен құяды, тек Қалжыр өзені ғана көлден ағып шығады. Марқакөл суы мұнтаздай таза және жұмсақ болғанымен балыққа бай. Марқакөл көлі Қазақстандағы осы балық түрлерінің отаны деуге әбден болады. Жартасты тауларда негізінен жапырақты және шыршалы ағаштар өседі. Көркем жартасты таулардың көп бөлігі май қарағай орманына толы. Биік таулардың баурайы медициналық дәрулік қасиеті бар шөпке бай (алтын және марал түбірі, бергиния, т.б.). Фаунасы түрлі және мол. Ағаштар арасынан қоңыр аюларды, бұғыларды, түлкілерді, жабайы мысықтарды, маралдарды, құндыздарды, бүркітті, сирек кездесетін қызыл қасқыр, қара ләйлектерді, сұрғылт шағалаларды және басқаларын көруге болады.

Алакөл Қазақстанның көз жауын алатын көлдерінің бірі. Жоңғар Алатауының солтүстік шығысында жатқан тұзды көл минералды тұздар мен күкіртті батпаққа бай. Сонымен қатар, Сіз көл бойында 35 км созылып жатқан Құстар Аралынан Фламинго құстары мен басқа да 40 түрлі құстарды көре аласыз.

Рахманов

Ыстық

Көзі.

Осы жердің астында ағып жатқан өзендердің құрамында, көпшіліктің ойынша, емдік қасиеті бар радон, яғни өте сирек кездесетін гранит минералдарының ұсақ бөлшектерге бөлінуінің құрамдасы бар. Термалды сулар буындардың, омыртқа сүйектерін, жүйке жүйесін және тері ауруларын емдеуде қолданылады.

Киін-Кіріш.

Жазықтар, биіктіктер және қабырғалардың арасында көк аспан астында қалалар мен сарайлар жатыр... Бұл сағым емес, бұл табиғи Эолия қаласы, кейде «Рухтар қаласы» деп те аталатын Киін-Кіріш. Саздан таңқаларлық орында салынған бірегей қызыл, ақ және сарғылт ғимараттар. Қашықтықтан Киін-Кіріштің саз жартастары және түпсіздері желдегі оттың жалыны тәрізді көрінеді. Сондықтан бұл жартастар «Жанған Жартастар» деген атауға ие болған. Киін-Кіріштің таптырмас байлығы — құм мен саздың арасында өсетін тропикалық уақыттан қалған көк шөптер (пальмалар, магнолиялар, араукария және т.б.) және омыртқалы жануарлардың қалдықтары (мүйізтұмсық, қолтырауын, тасбақа және кесірткелер).

Бұқтырма көлі. Бұл жердің табиғаты керемет. Бұқтырма көлінің маржан суы өзінің тамаша көріністерімен және балық аулау орындарымен белгілі. Көптеген өзендер мен жауын сулары тау шатқалынан көлге құйылғандықтан әдемі сарқырамалар көп. Тек Шанды Бұлақ қана көлден ағады.

Қозы Көрпеш – Баян сұлу мавзолейі. Аягөз өзенінің жағалауында орналасқан тарихи ескерткіштердің бірі. Бұл Қозы Көрпеш және Баян Сұлу мавзолейі (X – XI ғ.ғ.). Ұлттық жырдың кейіпкерлері қыз бен жігіт арасындағы махабаттың бейнесі болып табылатын Қозы көрпеш және Баян Сұлу қазақтың Ромео және Джульеттасы тәріздес.

5. Жоғарыда берілген мәтіннен көптік жалғаулы сөздерді теріп жазыңыз.

М: шекаралар, таулар ...

6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстандағы қандай тарихи орындарды білесіз?
2. Қазақстандағы тарихи орындарда, соның ішінде Шығыс Қазақстандағы тарихи орындарда болсаңыз, түйген ой-пікіріңіз?
3. Семей қаласында қандай тарихи-мәдени орындар бар?
4. Абайдың әдеби-мемориалдық қорық мұражайы қай жылы құрылған?
5. Абайдың әдеби-мемориалдық қорық мұражайы несімен ерекшеленеді?
6. Шығыс Қазақстанның табиғаты жайлы не білесіз?

7. Берілген сөздерді жалғау түрлеріне қарай бағанға орналастырыңыз.

Студентпін, оқушылар, ата-ананың, мектебім, балаңыз, қыздар, кітабы, мақсатымыз, өркениеті, кілемі, баладан, үлкені, мектепке, Абайдың, оқудан, оқудың, мақсаты, қуанышы, қуаныштар,

Көптік жалғау	Септік жалғау	Тәуелдік жалғау	Жіктік жалғау
М: орындар	М: мектептің	М: кітабым	М: мұғаліммін

8. Тест тапсырмалары

1. Көптік жалғаулы сөзді табыңыз?

- A) мектепке
- B) студенттің
- C) оқушылар
- D) мақсаты
- E) елге

2. Тәуелдеу категориясының неше түрлі тәсілі бар?

- A) үш
- B) бес
- C) төрт
- D) екі
- E) алты

3. Септіктің неше түрі бар?

- A) үш
- B) екі
- C) бес
- D) алты
- E) жеті

4. Жатыс жалғаулы сөзді табыңыз:

- A) тарта
- B) ерте
- C) орта
- D) өртте
- E) торта

5. Тәуелді жалғаулы сөзді табыңыз:

- A) қоңыз
- B) теңіз
- C) неміс
- D) семіз
- E) балаңыз

6. Барыс септігіндегі сөзді табыңыз:

- A) жорға
- B) қарға
- C) толға
- D) қырға
- E) сырға

8. Абайдың 1 –ші қара сөзін тұшынып оқып, түсініп алыңыз.

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Ел бағу емес. Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, Қажымұрат Шыңғысқа ақша беруің қажет ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз - күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұндасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі - бір тез қартайтатұғын күйік.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ!

Сіз бұл адамды білесіз бе?

Махмұд Қашқари (1029—1101) - түркі ғалымы, әйгілі «Диуану лұғат-ит-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбектің авторы. Толық аты жөні Махмұт ибн әл Хұсейн ибн Мұхаммед. Туған жері қазіргі Қырғызстан жеріндегі Ыстықкөл жағасындағы (кей деректе Шу бойындағы) Барсхан қаласы. Ыстықкөл маңындағы болған Барысхан қаласында әскерилер отбасында дүниеге келген. Қарахан әулетінен. Қашқарда, Бағдатта білім алған. Византия, Түркия, Қытай және басқа елдерді аралаған. Түркі тілімен қатар, араб және парсы тілдерінде де еңбектер жазған. «Диуани лұғат ат-түрік» - Қашқаридің ең ұлы шығармасы. Онда көшпелілердің ой әлеміне қатысты да тамаша мұра жинақталған. Бұл тамаша энциклопедиялық туынды 1072-1078 жылдары Бағдатта жазылған. Түпнұсқасы жоғалып кеткен. 1206 жылы М.А.Абулфатх жасаған жалғыз көшірмесі Стамбулда сақтаулы. Толық нұсқасын қазақ тіліне А. Егеубаев тәржімәлады. Алғаш табылған күннен бастап түркі тілі тарихына үлкен бетбұрыс жасатып, қайта жазылып шығуына себеп болған, түркі тілдерінің бізге беймәлім қараңғы кезеңдерінен хабардар еткен «Диуан Лұғат-ит-Түріктің» авторы, Түркітану ғылымының негізін салушы, түркі лексикографиясының атасы, түркі тілінің тұңғыш диалектологы - Қашқарлы Махмұдтың өмірі жайында жазба деректер арқылы жеткен мәліметтер тым мардымсыз. Тек Диуанындағы там-тұмдап жеткен мәліметтерге сүйене отырып, Қашқаридің текті бір әулеттен шыққан ханзада, қызыл тілге шешен ділмар, найза лақтырғанда дөп тигізер асқан мерген, сондай-ақ заманының ең озық білімімен сусындаған білімпаз болып тәрбиеленгенін көреміз. Өзі жайында: «Түркілер арасында қызыл тілге ең шешені, ең әсерлі әңгімешісі, ең жақсы білім алған білгірі, ең текті әулеттен шыққаны және мықты найза лақтырушысы болғандықтан олар мекен еткен барлық шаһарлар мен аймақтарды аралап шықтым», - деген Қашқари әрі қарай «Диуанының» сөздік қоры жөнінде: «Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, яғма және қырғыз тайпаларының сөздерін және олардың қыр-сырын анықтап шығып, қажетіме жараттым. Олардың әрбірінің тілі менің көкейіме ұялап, берік сақталып қалды. Мен оларды мұқият зерделеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым», - дейді. Бұдан Қашқарлы Махмұдтың жалпы түркі тілдерінің сөздік қоры жайында асқан білгір болғандығын аңғарамыз. Өз дәуірінің жазба әдеби тілдерімен қатар, түркі тайпаларын аралап, жинақтаған сөздердің мағыналары мен формаларын, түрлі ерекшеліктерін еркін меңгеріп қана қоймай, көне түркі тілінің тарихи лексикасынан да хабардар болуы оның тілбілімін жетік меңгерген, аса білімпаз ғұлама-ғалым болып жетілгендігін көреміз.

Қашқаридің туған жылы жөнінде де түрлі көзқарастар бар. А. Егеубаев «Диуанның»

жазылған уақыты мен О. Пицактың пікіріне сүйене отырып, 1029-38 жылдар туған болуы керек деген болжам айтады. Дегенмен көпшілік ғалымдар 1008 жылы туған деп есептейді.